

## Қаражат бөлу туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің өкімі 1997 жылғы 10 қаңтардағы N 3

1. Көкшетау облысының әкіміне Қазақстан Республикасы Үкіметінің табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды қоса алғанда, төтенше жағдайлар мен шараларды қаржыландыруға арналған резерв қорынан жылу беру радиаторларын, құбырлар, бекіткіштер, қалақшалар сатып алу үшін, инженерлік жүйелер мен жылу беру жүйелерін жөндеу үшін 45 (қырық бес) млн. теңге бөлінсін.

Аварияны жоюға жетпей тұрған сома жергілікті бюджет, сондай-ақ мүдделі кәсіпорындар мен ұйымдардың қаражаты есебінен жабылсын.

2. Көкшетау облысының әкімі 1997 жылдың бірінші тоқсанының нәтижелері бойынша Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар жөніндегі мемлекеттік комитетіне орындалған жұмыстың көлемі мен құны туралы баяндасын.

3. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің жанындағы

Қаржы-валюта бақылау комитеті бөлінетін қаражаттың қатаң мақсатқа сай пайдаланылуына бақылауды қамтамасыз етсін.

4. Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар жөніндегі мемлекеттік комитеті (Н.М.Макиевский) болған аварияның себептері мен оған кінәлі адамдарды 10 күн мерзім ішінде анықтап, Қазақстан Республикасының Үкіметіне баяндасын.

5. Өкімнің орындалуына бақылау жасау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары Д.Т.Дүйсеновке жүктелсін.

Қазақстан Республикасы  
Премьер-Министрінің  
бірінші орынбасары